

«Dariya» балабақшасы
Әдістемелік кеңес отырысының
№2 хаттамасы

29 қараша 2024 жыл

Қатысқаны:6

Күн тәртібінде:

1. Мектепке дейінгі ұйымда салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызы.
2. Педагогтерді реджио – педагогикасымен таныстыру.
3. Өткізілген ашық көрсетілімдердің маңызы.

Сөз алды:

Балабақша әдіскері Жакупова Г.З. сөз алып 02.09.,2024 ж №1 әдістемелік кеңестің қаулысының орындалуы туралы айтып өтті.Тексеріс барысында барлық педагогтердің құжаттарды ҚР Оқу – ағарту министрлігі бекіткен заманауи талаптарғасай, уақытылы және сауатты толтырғаны анықталды. Құжаттарды рәсімдеуде қателіктер жіберген жас маманға әдістемелік көмек көрсетілді.

Тыңдалды:

Әдістемелік кеңестің 1 – мәселесі бойынша «Еркетай» тобының тәрбиешісі «Мектепке дейінгі ұйымда салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызы» тақырыбында баяндама оқыды. Ол мектепке дейінгі кезеңде баланың денсаулығының негізі қаланатынын атап өтті. Салауатты өмір салтын қалыптастыру тек физикалық дағдылар және психологиялық жайлылықты қамтитынын түсіндірді. Педагогтердің басты міндеті – әрбір жұмыс күнін баланың денсаулығын сақтауға бағыттау, деді Шамишева өз баяндамасында.

Тыңдалды:Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер Жакупова Г.З. сөз сөйледі. Ол Реджио технологиясының шығу тарихы мен басты құндылықтары туралы баяндама жасады.

Баяндаманың негізгі тезистері:

- Бала бейнесі: Бала – білімді өздігінен меңгеруге қабілетті, белсенді зерттеуші болады.
- Жүз т іл; Бала өз ойын сурет, мүсіндеу, театр, би, музыка сияқты 100 түрлі тәсілмен білдіреді.
- Қоршаған орта: Кеңістік – «үшінші тәрбиеші». Орта табиғи материалдармен жабдықталып, баланың еркін таңдауына жұмыс істейді, деді әдіскер.

Сөз алды:

«Еркетай» тобының тәрбиешісі А.Шамишева сөз алып, сұрақ қойды.

Шамишева: «Біздің қолданыстағы мемлекеттік бағдарламамен бұл технологияны қалай ұштастыруға болады?»

Әдіскер жауабы: Технологияны толық көшірмей, оның элементтерін ұйымдастырылған іс – әрекеттерге кірістіруге болады.

Тыңдалды:

Балабақша әдіскері сөз алып, ашық көрсетілімдер – педагогтердің кәсіби деңгейін көтерудің ең тиімді жолы, деді. Ол жай ғана есеп беру емес, іс – тәжірибені ортаға салу алаңы. Ашық көрсетілімдердің басты маңызы: тәжірибе алмасу, өздігінен іздену, талдау және жинақтау, деді әдіскер.

Қаулы:

1. Барлық жас ерекшелік топтарында күнделікті күн тәртібінде денсаулық сақтау технологиялары жүйелі түрде қолданылсын.
2. Реджио педагогикасының элементтерін балабақшаның тәрбие – оқыту процесіне енгізілсін.
3. Әдіскер ашық көрсетілімдердің ең үздік материалдарын балабақшаның әдістемелік қоржынына жинақтасын.



Жакупова Г.З.

Шамишева А.А.